

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы

***Білім беру саласы: «Таным»
Ұ.О.Қ: «Сенсорика»
Тақырыбы: «Көкөніс бөліктері»***

Тәрбиеші: Сабирова Д.

2022 оқу жылы

Бекітемін:

Білім беру саласы: «Таным»

Ұ.О.Қ: «Сенсорика»

Тақырыбы: «Көкөніс бөлшектері»

Сабақтың мақсаты:Бөлініп жатқан көкөністердің бөлшектерін біріктіріп,табаққа жинау арқылы қолдың саусақтарының қимылын дамыту.

Білімділігі:Көкөністермен таныстыру.Көкөністердің адам денсаулығына пайдасы көп екенін түсіндіру.

Әдіс – тәсілдер:Сұрақ - жауап,топпен жұмыс.

Көрнекі құралдар:Көкөніс суреттері,муляж,слайд.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері:

Салем,салем аяқпен таптайық.

Салем,салем аяқпен таптайық.

Көкке керіліп,аяқты ұстайық

Айналып тұрайық,салем жолдайық.

Тәрбиеші:Балалар қазір қай мезгіл?

Балалар:Көктем мезгілі

Тәрбиеші: Көктем мезгілінде неше ай бар?

Балалар:Үш ай бар.

Қане барлығымыз бірге қосылып айтайық. Наурыз,сәуір,мамыр.

Тәрбиеші:Балалар көктем мезгілінде ауа райы қандай болады?

Балалар:Көктем мезгілінде күн жылынады. Жаңбыр жауады.Теректер гүлдейді.

Тәрбиеші:Дұрыс айтасындар.Ал балалар жұмбақ шешуге дайынсындарма?

Жұмбақ: 1. Көкпеңбек еді көктемде,

Қызарды күз жеткенде (қызанақ)

2. Қырыққабат жейде

Осыныда жейді ел (қырыққабат)

Тәрбиеші:Жарайсындар балалар! Жұмбақтың жауабын дұрыс таптындар.Адамдар көкөністер мен жемістерді көктемде егеді.Көкөніс пен жемістің құрамында адам денсаулығына пайдалы өте көп дәрумендер бар.Балалар сендерде көкініс пен жемісті көп жесеңдер ауырмай үлкен болып өсесіндер.Көкөністердің түстері мен пішіндері әр түрлі болады. Мысалы:Қызанақ,қарбыз,картоп,қырыққабат,қызылша,шалғам бұлардың пішіні дөңгелек болады,ал түстері әр түрлі болады.Қияр,сәбіз,баялды,жүгері бұлардың пішіні сопақша,түстері әр түрлі болады.

Ғажайып сәт: Есік қағылады (**әуен жүреді**) Қонаққа аю келеді

Тәрбиеші: Балалар бізге қонақ келді, қане амандасайық.

Балалар: Салеметсізбе аю.

(Аю екі себетпен көкініспен жеміс әкеледі)

Аю: Балалар мынау не екенін білесіздерме?

Балалар: Көкіністер мен жемістер

Аю: (дұрыс айтасыздар)

Көкіністер мен жемістерді аналарың тамаққа қосады, олардан әр түрлі тағамдар даярлайды. Көкіністер мен жемістерде өте көп дәрумендер бар.

Балалар менімен ойнағыларың келеме?

Балалар: Иә

Аю: Менің қолымдағы себетте көкіністер мен жемістер араласып кеткен, соларды түстеріне қарай ажыратуға көмектесесіңдерме балалар?

Балалар: Жарайды.

Қимылды ойын: «Жылдам жина»

Шарты: Түстеріне қарай көкіністер мен жемістерді екі себетке бөліп салады. (қызыл, жасыл, сары)

Аю: Жарайсыңдар балалар! Осыларды түстеріне қарай ажырата алмай жүр едім, сендерге көп рахмет.

Тәрбиеші: Ал балалар себеттердің түстері қандай?

Балалар: Қызыл, жасыл және сары

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Көкіністерді бөлшектеп, көбіне пісіріп жейді, ал жемістерді бүтіндейде, бөлшектепте жеуге болады.

Аю: Олай болса, балалар менің көкіністерің бөлініп қалған еді, соны біріктіруге көмектесіп жіберіңдерші.

Балалар: Жарайды.

Дидактикалық ойын: «Көкөністерді біріктірі»

Шарты: Бөлшектенген көкіністерді біріктіріп ыдысқа жинау. Мозайка құрастыру.

Аю: Жарайсыңдар балалар! Мынадай етіп бөлшектенген көкіністерді біріктіретінін білмитін едім, енді сендерден үйреніп алдым, сендерге көп рахмет. Ал, балалар менің кететін уақытым болды, меніде сендер сияқты басқа балалар күтіп отыр. (Аю кетуге дайындалады)

Тәрбиеші: Аю бізге келгеніңізге көп рахмет. Балалар сізбен ойнап көңілдері көтеріліп қалды. Сау болыңыз аю.

Аю: Сау болыңдар балалар.

Тәрбиеші: Ал балалар бойымызды бір сергітіп алайық.

Сергіту сәті: «Ормандағы аю»

Тәрбиеші: Серігіп қалдыңдарма балалар?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Олай болса балалар тағы бір ойын ойнап жіберейік.

Қимылды ойын: «Өз орныңды тап»

Шарты: Әр түрлі пішінде киінген көкініспен жемістер өздері пішіндес себетке жиналады.

Тәрбиеші: Балалар себеттердің пішіндері қандай?

Балалар: Себеттің пішіні сопақша және дөңгелек.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Қорытынды: Сұрақ-жауап

Тәрбиеші: Балалар бізге қонаққа кім келді?

Балалар: Аю келді.

Тәрбиеші: Көкөністердің пішіні қандай?

Балалар: Көкіністердің пішіні дөңгелек және сопақша.

Тәрбиеші: Көкіністердің түсі қандай?

Балалар: Көкіністердің түсі сары, қызыл және жасыл.

Балаларды мадақтау: Балалар сіздерге көп рахмет, сіздердің арқаларыңызда бүгінгі күніміз өте жақсы өтті. Ал енді балалар қонақтарға рахмет айтайық.

Қол ұстасып тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау-саламат болайық.

Тәрбиеші: Сау болыңыздар!